

TURKISTAN

Қазақ детектив жанрының дарабозы

Алматыдағы Достық үйінде көрнекті қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінде шытырман оқиғалы прозаның қалыптасып дамуына зор еңбек сіңірген қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың туғанына 100 толуына байланысты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Алматыдағы Достық үйінде көрнекті қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінде шытырман оқиғалы прозаның қалыптасып дамуына зор еңбек сіңірген қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың туғанына 100 толуына байланысты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Сұлтан Раев, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, Ресей федерациясы, Өзбекстан және Қырғыз Республикасы елдерінің белгілі қаламгерлері қатысты.

Конференцияны Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов ашып, Кемел Тоқаев өмірі мен шығармашылығы жайында «Шырғалаңы мол шығармашылық» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол жазушының әдеби туындылары мен оның жариялануы кезіндегі қиыншылықтары жайында айта келіп, өзгеше тағдырлы, ерекше шығармашылық иесінің қаламынан шыққан туындылардың қазақ әдебиетінде алатын орны мен маңызы жайында баяндады.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Мемлекет басшысының конференция қатысушыларына құттықтау хатын оқып берді.

Құрметті жазушылар!

Қадірлі қауым!

Сіздерді көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық, ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуымен құттықтаймын!

Кемел Тоқаев қазақ әдебиетінде тыңнан түрен салып, детектив жанрының негізін қалады. Шоқтығы биік шығармаларымен көпшіліктің ықыласына бөленді. Жазушы «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға», «Арнаулы тапсырма», «Соңғы соққы», «Таңбалы алтын» және басқа да шытырман оқиғаға толы туындылары арқылы оқырманын жамандықтан жиренуге, жақсылықты үйренуге үндеді. Сонымен бірге адалдық, мейірім, жанашырлық сияқты адамгершілік құндылықтарды дәріптеді. Қарымды қаламгердің тағылымы мол туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған құнды қазына екені сөзсіз. Бүгінгі іс-шарада Кемел Тоқаевтың шығармашылығына шынайы баға беріліп, әдеби мұрасына терең талдау жасалады деп сенемін. Баршаңызға алғысымды білдіре отырып, зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,

Қазақстан Республикасының Президенті

Ақорда

2023 жылғы 2 қазан.

Бұдан кейін сөз алған ТҮРКСОЙ-дың хатшысы Сұлтан Раев қазақ әдебиетінде детектив жанрын үлкен белеске көтерген Кемел Тоқаевтың шығармашылығына зор баға берсе, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев әдебиеттің бір жанрының көркеюіне ғұмырын арнаған жазушы мұрасының мәнін жоймас құндылыққа айналғаны жайында пікір білдірді. Ал өзбекстандық қаламгер «Маънавият ва марифат» республикалық орталығының жетекшісі Минхожиддин Ходжиматов Кемел Тоқаев шығармашылығымен өзбек елі оқырмандарының таныс екеніне тоқталып, жазушының өзбек тілінде басылып шыққан туындылары жайында ойларын айтты. Сондай-ақ ол Кемел Тоқаевтың өзбек тілінде басылып шыққан үш томдық шығармалар жинағын Қазақстан Жазушылар одағы төрағасына тарту етті.

Конференцияға бауырлас қырғыз елінен арнайы келген Қырғыз Республикасы Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Қалыбеков пен Қырғыз Республикасы Ұлттық Ілімдер Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдылдажан Акматалиевтің және заң ғылымдарының докторы, профессор, Ресей ғылымының Еңбек сіңірген қайраткері, детектив жанрының әйгілі

жазушысы Дмитрий Шестаковтың баяндамалары да тартымды болды. Сондай-ақ белгілі қаламгерлер – Қазақстан Республикасының Еңбек ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков пен жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ахмет Ашири де Кемел Тоқаев шығармашылығына жоғары баға берді. Өзге де шығып сөйлеушілердің пікірлері сол үдеден шығып жатты.

Баяндамалар арасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нүркен Әшіров «Темірбектің төкпесі» күйін, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Шүкімән Қасым Аманжоловтың «Жас дәурен» әнін, Қазақстанның Халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін, ТҮРКСОЙ сыйлығының лауреаты Талғат Әбуғазы халық әні «Хәләулім-айды» орындап, конференция қатысушыларына мерекелік көңіл күй сыйлады.

Сонымен бірге конференция қатысушыларына жазушы Кемел Тоқаевтың шығармашылығына арналған Алматыдағы Ұлттық кітапхана ұжымы дайындаған кітап көрмесі көрсетіліп, конференция қатысушыларының әрбіріне Қазақстан Жазушылар одағы Кемел Тоқаевтың 5 томдық шығармалар жинағын сыйлады.